

РЕФОРМА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ ДОЛЖНА СОПРОВОЖДАТЬСЯ ПЕРЕСМОТРОМ ТАРИФНОЙ СИСТЕМЫ. ЭТО ОЧЕВИДНЫЙ ФАКТ. НОВЫЕ ТАРИФЫ ПОЗВОЛЯТ ПОДДЕРЖИВАТЬ НАДЛЕЖАЩЕЕ СОСТОЯНИЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ И РАСШИРЯТЬ ЕЕ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ. КОМПАНИЕЙ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» РЕАЛИЗУЕТСЯ ТРИ КРУПНЫХ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ПРОЕКТА ПО СТРОИТЕЛЬСТВУ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ ОБЩЕЙ ПРОТЯЖЕННОСТЬЮ СВЫШЕ ОДНОЙ ТЫСЯЧИ КИЛОМЕТРОВ. ЭТИ ПРОЕКТЫ ДОЛЖНЫ БЫТЬ ВЫПОЛНЕНЫ В УСТАНОВЛЕННЫЕ СРОКИ И НА ВЫСОКОМ КАЧЕСТВЕННОМ УРОВНЕ.



Из Послания Президента РК Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 2 сентября 2024 года



№75 (3005)
03/09/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ШЫҒЫСТАҒЫ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Өткен аптаның соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы ел шығысындағы Семей өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келді. Бірқатар теміржол кәсіпорындарында болып, аймақ ахуалымен, еңбеккерлер жағдайымен танысты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Басшылық сапары барысында әуелгі кезекте шаруашылықтардың алдағы қысқа дайындығы тексерілді. Соның ішінде өндіріс процесін ұйымдастыру мен еңбек қауіпсіздігі мәселесі басты назарға алынды. Осы ретте Семей вагон пайдалану депосында болған басшылық құрам ондағы жүк және жолаушылар пойыздарына техникалық қызмет көрсетудің жай-күйіне көңіл бөлді. Ол жайында мағлұмат берген депо басшысы Ерзат Хасенов өткен 7 айдың қорытындысына тоқталып, жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды. Осы мерзім ішінде ВЧД-23 мекемесі жүк тиеуге 80 мыңнан аса вагонды дайындап берген. Сонымен қатар техникалық тексеру пункттерінен 21,7 жүк вагоны, 11,8 мыңнан аса жолаушылар пойыздары сүзгіден өткізілген. Ал депонь Семей, Жаңа-Семей, Аягөз, Дегелең станцияларындағы цехтарынан 3 мыңнан аса вагон жөндеуден өткізілген. Бұл – қазіргі астық және көмір

тасымалы кезеңі үшін жақсы көрсеткіш.

Компания басшылығы сонымен қатар «ЭТЖК» ЖШС Семей филиалында болып, теміржол күзетінің заманауи тұрғыдағы жарақтандырылуымен де танысты. Бүгінде күзет қырандары ұзындығы 1394 км учаскедегі тасымалданатын жүктің сақталуын, ҚТЖ объектілерін қорғауды қамтамасыз етеді. Ведомстволық күзет атқыштары тәулік сайын 2 мыңнан астам вагонды күзетумен еріп жүреді.

Компания басшылығы сонымен қатар Семей қаласындағы материалдық-техникалық жабдықтау базасындағы қоймалар, өндірістік үй-жайлар, гараждар, техникалармен де танысты. Материалдық база жұмысшыларының еңбек жағдайын жақсарту мақсатында магистральдық желі дирекциясы 2021-2023 жылдары 160 бірліктен аса тиегіштер, таразылар, арбалар сатып алған. Ал 2029 жылға дейін базалар 6 автокранмен, 27 жеңіл және жүк көлігімен, 9 автобуспен және 47 тиегішпен жабдықталуы жоспарланған.

Әрі қарай ҚТЖ басшылығы Семей станциясының Отын-энергетикалық кешеніне барды. Бұл «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Отын ресурстары орталығы» филиалындағы ірі қоймалардың бірі. Қойманың жалпы ауданы 9,9 га. Қойма 14,8 мың тоннадан астам отынды сақтауға есептелген. Нұрлан Сауранбаев Семей торабының теміржол басшыларымен арнайы кеңес өткізді. Жиын барысында Достық – Мойынты учаскесін жаңғыртудан және Бақты – Аягөз желісін салудан кейін күтілетін жүк ағынын қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды дайындау бойынша жаңа міндеттер алға қойылды. Сала басшыларына жергілікті инфрақұрылымның техникалық жай-күйін жақсарту, әсіресе тораптық



Жаңа-Семей жүк станциясын дамыту жөнінде тың шаралар қабылдау сынды нақты міндеттер жүктелді.

Сондай-ақ ҚТЖ басшысы Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевпен кездесіп, онда биылғы жылы қайтадан салынған балалар теміржолын жандандыру мәселесі талқыланды. Қазіргі күні бұл темір жолдың құрылысы әзірліктің соңғы сатысында.

Сынақ режимінде Ресейдің Камбар машинажасау зауытында шығарылған вагондардан тұратын жылжымалы құрам іске қосылған. ҚТЖ басшылығы балалар темір жолын пайдалану процесінде, сондай-ақ мамандар даярлауда жан-жақты қолдау

көрсетуге дайын екендігін жеткізді. Аталмыш жаңа жобаның көзгеі кең. Мәселен, теміржолшы мамандығының негіздерімен таныстыратын балалар үйімесін ашу көзделуде. Мақсат – өскелең буынның теміржол саласына қызығушылығын арттырып, алғашқы кәсіби дағдыларын қалыптастыру.

Компания басшылығының өңірге жұмыс сапары барысында Абай атындағы театрда барша теміржол кәсіпорындары ұжымдарының қатысуымен салтанатты іс-шара өтті. Басшылық сала қызметкерлерін Қазақстан темір жолының 120 жылдығымен құттықтап, ардагерлер мен үздік қызметкерлерді марапаттады.

УСКОРИТЬ ОБРАБОТКУ КОНТЕЙНЕРОВ



Перегрузочный парк Актауского морского торгового порта пополнился новой спецтехникой. Она увеличит эффективность обработки грузов и повысит интенсивность проводимых операций.

В рамках выполнения программ модернизации производственных мощностей перегрузочный парк порта Актау пополнился дополнительно двумя ричстакерами.

Это специализированные погрузчики с эксплуатационной массой 75 тонн и грузоподъемностью 45 тонн для обработки всех типов контейнеров (20- и 40-футовых), включая рефрижераторные. Они станут существенным подспорьем в обслуживании растущего объема контейнерных грузов.

Новые ричстакеры отличают маневренность и высокая скорость обработки контейнеров. К тому же они способны работать при штормовых условиях, а с помощью разнообразного навесного оборудования превращаются в многофункциональную технику для выполнения самых разнообразных задач, обеспечивая бесперебойную операционную деятельность.

Обновление перегрузочного оборудования порта Актау позволит последовательно заменить технику порта на современную, более высокопроизводительную и технологичную, повысив качество и скорость оказываемых услуг.

Любовь РОББА

ЖАСТАР БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕДІ



«Қамқор Локомотив» ЖШС компания филиалдарының жас қызметкерлері арасында «Жас қамқор» бағдарламасын әзірледі. Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптар тізімі түзілген.

Жас мамандарды дамытуды көздегі бағдарламаның мазмұны мен мақсатына келсек, олар: компанияның қажеттіліктеріне сәйкес жас мамандарды даярлау; жас мамандардың кәсіби-тұлғалық әлеуетін ашу, компанияның болашақ әлеуетті көшбасшыларын және кадр резервіне қабылдау үшін талантты жастарды анықтау; жас мамандардың компания қызметіне белсенді қатысуға ынталандыру және оқытып дамыту; «Жас қамқор» жастар қозғалысын құру, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру.

Жақында бағдарлама талаптары үдесінен шыға білген жастар компанияның Астанадағы алғашқы жастар форумына қатысты. Бұл форум конкурстық іріктеудің екінші кезеңі болып табылады. Іріктеуден сәтті өткендер үшін жеке оқыту және тәлімгерлік бағдарламаларын қамтитын дербес даму карталары әзірленетін болады. Ал екінші конкурстық іріктеуден сәтті өткен жас мамандар компанияның сабақтастық жоспарына енгізіледі және дайындығына қарай негізгі лауазымдарға тағайындалады.

Ислам ТАЛҒАТ

Сотрудничество СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ

Кедентранссервис участвует в реализации строительства интермодального терминала в порту Алят.



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

В Баку в ходе выездного совещания АО «Кедентранссервис», Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd и ЗАО «БММТТ» рассмотрели вопросы совместной реализации проекта по созданию интермо-

дального терминала в порту Алят, созданию совместного предприятия и организации мультимодальных перевозок.

Новый терминальный проект площадью пять гектаров прилегает к терминалу Алят и предполагает строительство универсальной грузовой площадки с крытым складским комплексом класса

ТХКБ: БІРЛЕСКЕН ШАРАЛАР КҮШЕЙТІЛУДЕ

Транскаспий дәлізі бойындағы серіктес елдермен бірлескен шаралар күшейтілуде. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында Үкімет Қазақстан, Әзербайжан, Түркия және Қазақстан мен Грузия арасындағы 2027 жылға дейінгі кедергілерді жою және Орта дәлізді дамыту жөніндегі Жол картасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Бұл дәліздің өткізу мүмкіндігін жылына 10 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Шығыстан Батысқа транзиттік жүктердің жеткілікті көлемін қамтамасыз ету үшін 2023 жылғы қарашада Қытаймен Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту, соның ішінде Қытай мен Еуропа арасындағы контейнерлік пойыздар бойынша бірқатар келісімге қол қойылып, бұл келісімдер 2024 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланды. Бағыттың тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оның бүкіл бойында бірінғай

мультимодальды сервис құрылды.

Қазақстан, Әзербайжан және Грузияның теміржол әкімшіліктері арасында «Астана» Халықаралық қаржы орталығының базасында біріккен көлік-логистикалық компаниямен ұқсастық бойынша бағыты жүйелі пайдалану үшін Middle Corridor Multimodal Ltd бірлескен кәсіпорны құрылды. Бұл процеске көлік операцияларын цифрландыру әрі оңтайландыру, соның ішінде шекарадан өту және терминалдық процедуралар маңызды рөл атқарады.

«Бірнғай терезе» қағидаты бойынша логистикалық сервисі жақсарту «Global DTC Kazakhstan Ltd» (PSA мүшесі) әзірлеген DTC (Digital Trade Corridor) – Tez customs

платформасының Кедендік модулімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ ІТ-жүйелерін техникалық интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді. 2023 жылғы 5 желтоқсанда ҚТЖ мен Global DTC Kazakhstan Ltd арасындағы DTC платформасын енгізу бойынша өзара іс-қимылдың Жол картасы бекітілді. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Әзербайжан темір жолдарының ақпараттық жүйелері платформаға біріктірілген, сонымен қатар Грузия теміржолдарымен осындай жұмыстар пысықталуда.

2023 жылы «Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co.Ltd» компаниясы және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның («Кедентранссервис») АҚ өкілі қатысуымен

құрылған «Қытай-Қазақстан сауда-логистика компаниясы» ЖШС бірлескен кәсіпорны аясында Сиань қаласының құрғақ портында терминал салынды. 2024 жылғы 28 ақпанда ашылған терминал Қазақстан бағытында жүретін барлық контейнерлік пойыздардың 40%-ын біріктіреді, бұл ТХКБ бойынша транзиттік тасымалдардың айтарлықтай өсуіне ықпал етті. Жыл басынан бері Қытайдан ТХКБ транзиті екі есеге жуық өсім көрсетті.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ТХКБ бағытымен тасымалдау көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 65%-ға артып, 2,76 млн тоннаны құрады (2022 жылы – 1,7 млн тонна). Ал биыл, 2024 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша тасымалдау өткен жылмен салыстырғанда (1,57 мың тонна) 63%-ға артып, 2,56 млн тоннаны құрады. Бұл жетістіктер серіктестермен бірлесіп жұмыс істеудің тиімділігін көрсетеді және Орта дәлізді дамытудың маңызын растайды. Оның тұрақты әрі бәсекеге қабілетті бағыт ретінде қалыптасуына дәліз бойындағы елдер ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс Азия, Парсы шығанағы және Еуропа аймақтары да қызығушылық танытып отыр.



Ғани ЕСЕНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Интеграцияланған жоспарлау дирекциясы» филиалы директорының орынбасары:

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ӨТУІ ҮШІН ҚТЖ КӨМІР ТАСЫМАЛДАУ БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАЙДЫ. ҚҰЖАТҚА ЖЕДЕЛ ШТАБТЫҢ, МОНИТОРИНГТІК ТОПТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР, СОНДАЙ-АҚ НЕГІЗГІ КӨМІР ТҰЙЫҚТАРЫНА БАРЫП ЖАҒДАЙМЕН ТАНЫСУ ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР, КӨМІР РАЗРЕЗДЕРІ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КЕҢЕСТЕР ӨТКІЗУ ЕНГІЗІЛГЕН

САНДАР СӨЙЛЕДІ:

«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС ИНВЕНТАРЛЫҚ ПАРКІНДЕ

1,6 мыңнан

АСТАМ ЛОКОМОТИВ БАР.

2024 ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІ АЙЫНДА ҚТЖ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

4,7 млн тонна

АСТЫҚ ТИЕЛГЕН.

СОҢҒЫ ҮШ АЙДА ҚЫТАЙ – ЕУРОПА БАҒДАРЫНДА АЙ САЙЫН

1700

АСТАМ ЖҮК ПОЙЫЗЫ ҚАТЫНАУДА.

БІТПЕЙ ҚАЛҒАН БІР ЖОБА БАР



Қазақстан теміржолының 120 жылдығына орай сала ардагерлерінің естелігін жариялауды жалғастырамыз. Құрметті теміржолшы, «Құрмет» орденінің иегері Аманбай Төлеушин – отандық теміржолдың дамуына жарты ғасырға жуық ғұмырын сарп еткен ардагер.

Әділет МҰСАХАЕВ,
Астана



Ташкент теміржол институтын бітіріп келіп, 1974 жылы Қарағандының Жарық станциясында станция кезекшісі болып еңбек жолын бастаған кейіпкеріміз Жезқазған, Мойынты станцияларының бастығы болды. Қарағанды жол бөлімшесінде тасымал бөлімін басқарды, Алматы темір жолында жүк тасымалы қызметі бастығының орынбасары, ҚТЖ-да ұзақ жыл жүк тасымалын басқару қызметінде болды. Айтуынша, теміржол саласында технологиясы қиын да күрделі өңір – Қарағанды мен Жезқазған облыстары. – Мұнда ірі кәсіпорындар бар. Бір ғана «ҚарМет» комбинаты неге тұрады?! Қарағанды көмір, Балхаш комбинаты, Жезқазған тау-кен комбинаты, Қаражал, Қарқаралы, Қарағайлы кен орындары. Соның барлығына жүк артуға вагон жеткізу, оны тиіп алып шығу сияқты ауқымды да күрделі тасымал жұмыстары Қарағанды бөлімшесінде жүргізілді. Осындай бөлімшеде жұмыс істеуім мені шындықтап, көп тәжірибе жинауыма септігін тигізді.

Ардагер теміржолшының айтуынша, 1970 жылдан бастап еліміздің экономикасы күрт дами бастаған, соған орай темір жол саласында да тасымал еселеп артып, бір тәуліктегі жүк артуы миллион тоннадан асып, КСРО бойынша алдыңғы қатарға шыққан.

– Қазақ теміржолын бір орталықтан басқару қиындап, одақтың өзі 1977 жылы оны үшке бөлді. Тың темір жолына солтүстік аймақтар қарады. Ал Алматы теміржолына шығыс пен оңтүстік бөлімдер қарады. Батыс теміржолына елдің батыс өңірлері қарады. Осыдан бастап теміржолдың даму қарқыны жоғарылап, күрделі құрылыстар жүріп, жаңа техникамен қамту жағы еселеп артты, – деп еске алады ардагер.

1953 жылы ашылған Мойынты-Шу теміржол желісімен, бір жолды болғандықтан, жүктерді тасымалдау қиындай түскен. Осыған байланысты Қарағандыдан бастап Ташкентке дейін екінші жол салу жөнінде қаулы қабылданып, ұзамай Жол қатынастары министрлігі бұл жобаны жүзеге асыруға кірісіп, Ақадыр-Мойынты-Шу-Сарышаған-Жамбыл-Шымкентті басып өтетін екінші жолдар құрылысы жүреді.

– 1980 жылдары бұл жолды электрлендіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Өйткені бағыдай тепловозбен пойыздарды жүргізу тиімді болмауға айналды, оны қуат көзімен жүретін пайдалы әрі өнімділігі жоғары, жүкті көп тартатын электровоздармен алмастыру қажет болды. Бұл жүк тасу процесін еселеп ұндытып, соның арқасында тасымал көлемін толық игердік. Пойыздар саны арта түсті. Мойынтыда 70 жұп жүк пойызын алмасатын жағдайға дейін жетті. Мұндай жүк тасымалы ол кезде еліміздің ешбір өңірінде болмаған, – дейді А.Төлеушин.

Ардагер Достық-Алашанькоу теміржол құрылысы іске асырылған жылдардың да естелігімен бөлісті.

– Нығметжан Есенғариннің тұсында, 1989 жылы Қытаймен арадағы Достық-Алашанькоу теміржол құрылысы басталды. Бұл жолдың құрылысына еліміздің барлық өңіріндегі темір жол бөлімшелері қатысты. Бірі ғимараттар салуға, тағы бірі жол құрылысына көмектесті. 1991 жылы екі ортада жол ашылып, халықаралық жүк тасымалы жүре бастады. Алғашында тәулігіне 1-2 пойыздан жүрсе, артынан 3-4 пойызға жетті, жыл сайын арта берді. Ол кезде мен Алматы теміржолында жүк тасымалы қызметін басқардым. Жүк тасымалының динамикасы бар, күндегісін күнделікті санап отырдық. Пойыздар көбейген сайын Достық станциясына баратын бағытта жаңа развездер, вагондар тоқтайтын орындар ашып, жаңа жолдарды іске қостық. Қазір Қытаймен арада үшінші түйіспе Аяғөз-Бақты теміржолы салынып жатыр. Мұның барлығы ел экономикасының дамуына үлкен септігін тигізеді. Ұлы Жібек жолы жанданып, Транскаспий бағыты арқылы Қытай мен Еуропа арасындағы жүк ағыны артып келеді. Еліміз арқылы өтетін контейнерлік пойыздардың саны он есеге дейін өсті. Оған қоса пойыздардың жылдамдығы да артты. Яғни темір жол саласы жақсы дамып жатқанын көріп отырмыз. Осы жаңалықтарды оқып отырып, неміс ғалымының айтқан сөзі есімде қалыпты. Ол: «Сіздер ешқандай мұхитқа шыға алмайсыздар, бірақ сіздердің мұхиттарыңыз жандарыңыздағы Қытай, онымен сауда-саттықты күшейту қажет» деген еді. Расында да Қытай деген – мұхит, оған азық-түліктен бастап шикізатқа дейін жеткізуге болады. Ол керемет үлкен ел, қандай өнім болсын қажет етеді және одан бәрін табуға болады. Олармен тіл табысып жұмыс істесек еліміз ұтылмайды, – дейді А.Төлеушин.

Сонымен қатар ол Тәуелсіздік жылдары ірілі-ұсақты он шақты жобаның жүзеге асырылуы үлкен жетістік деп бағалады. Бәрі де маңызды жобалар, дегенмен бітпей қалған бір жоба барын айтты.

– Шұбаркөлден Арқалық арқылы жол салынды, ал Шұбаркөлден Қызылжар станциясына дейін жол салынбай қалды. Бұл менің жеке пікірім. Егер сол жол салынса Арқалықтан Шұбаркөлге, одан ары Қызылжар, Жезқазғанды басып өтіп, Ақтау портына қарай жүретін пойыздар көбейер еді. Оның үстіне жол қысқарып, тасымалдың тарифтері де төмендер еді, – деген ойын жеткізді тарлан теміржолшы.

Аманбай Төлеушин зейнетке шыққанымен теміржолдағы әр жаңалыққа елеңдеп отырады. Жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп, бір жерде рельстен вагон шығып кетіпті десе үйде отырып уайымдайды екен. Саналы ғұмырын арнаған саланың болашағына күтері көп.

ҚТЖ-НЫҢ АЛТЫН ҚОРЫ...

ҚТЖ бас ғимаратындағы музейде компанияның Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы теміржолдағы династиялар өкілдерімен кездесу ұйымдастырды. 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне орай өткен жиын «Теміржол ардагерлері – ҚТЖ ұлттық компаниясының алтын қоры» деп аталып, белгілі теміржолшы әулеттер өкілдері арнайы шақырылды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Алғашқы сөз кезегі берілген Құрметті теміржолшы, ҚТЖ Консультативтік кеңес хатшысы Қуаныш Котырев өзінің еңбек жолынан қызықты естеліктерімен бөлісті.

– Теміржол бойында өстік, бала кезімде теміржолшыларға, олардың жарқыраған формасына қызыға қарап, мен де теміржолшы боламын деп армандадым. Өзімнен біраз үлкен ағам Мансұр Котырев 14 жасынан теміржолда жұмыс істеді. Біздің әулеттің теміржолдағы еңбек жолы осылай басталды. Мен 62 жыл ғұмырымды осы саланы дамытуға арнадым. Мен ағам қарап бой түзесем, ұлым Батыр маған қарап осы жолды таңдады. Әулетімізде 41 адам теміржолда жұмыс істеп, кейінгі буын әлі де жалғастырып келеді. Солардың бәрінің еңбек өтілін қосқанда 978 жылды құрайды, 4 адам «Құрметті теміржолшы» атағына ие болды, – деді Қ.Котырев.



Келесі кезекте сөз алған белгілі династия өкілі, Ардагерлер Кеңесі Орталық аппаратының төрағасы Берік Айтбеков те естеліктерімен бөлісіп, өзінің теміржолшылар әулетінің үшінші буыны екенін жеткізді. Бүгінде 20 шақты өкілі теміржол еңбек ететін әулеттен үш «Құрметті теміржолшы» шыққан.

ҚТЖ Омбудсмені Батыр Котырев та өзінің теміржол саласының бір бөлшегі болғанын мақтан ететінін айтты. Компанияның Орталық Аппарат басшысы Серік Кеулімжаев атақты теміржолшылар әулеттері өкілдерінің көбі жан-жақты екенін, түрлі

өнерімен танылып, спортта да алда болып, көпке үлгі болып жүргенін айтты. Сонымен қатар мұндай іс-шаралар мемлекеттік тіл аясын кеңейту мақсатында жиі өткізіліп жүргеніне тоқталды.

– Н.Есенғариннің кітаптарындағы деректерге сүйенсек, ҚТЖ-да 200 жылдық еңбек өтілі бар 350-ден астам әулет бар. Бұл ең төменгі көрсеткіші, жалпы еңбек өтілі 900 жылды құрайтын әулеттер де бар. Сондықтан Еңбек күні аталып өткенде «Үздік отбасылар» сынды байқауларда теміржолшылар үнемі жүлделі орындарды иеленеді. 2022 жылы «Гиннестің рекордтар кітабына»

қызылордалық теміржолшылар әулеті кірді, – деді музей менеджері Ақмарал Құдасова.

Жиын барысында ұйымдастырушылар танымдық сұрақтар қойып, викториналық ойын өткізді. Дұрыс жауап бергендерге «Қазкөлікжас» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев кәсіподақ атынан сыйлық ұсынды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы филиалы директорының орынбасары Әсет Нұрболұлы іс-шараны мазмұнды, мағыналы өтуіне атсалысқан қонақтарға алғыс айтты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА – ЕЛОРДА ВОКЗАЛЫНДА

Конституция күні елордадағы «Нұрлы жол» вокзал кешенінде «Қазақстанның ұлттық қазынасы» әлеуметтік-мәдени жобасының тұсаукесері өтті. Жоба «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының бастама-сымен және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ұлттық музейі, «Нұрлы жол» вокзал кешенінің «TCS Engineering» ЖШС басқарушы компаниясы және «MYD Production» ЖШС жарнама операторының қатысуымен іске асырылды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жоба Қазақстан темір жолының 120 жылдығы мен ҚР Ұлттық музейінің 10 жылдығы, сондай-ақ Ата заң күніне және Астанада Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуге орайластырылды. Ұйымдастырушылар бұл экспозиция елорда жолаушылары мен қонақтарының назарын аударып, қазақ мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік береді деп санайды. Тұсаукесерге ҚТЖ жауапты қызметкерлерімен қатар бірқатар министрліктер мен Астана қаласы әкімдігінің, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің және музей өкілдері қатысты.

Жобаның ғылыми тұжырымдамасы мен дизайнерлік шешімін ҚР Ұлттық музейінің ұжымы әзірледі. Музейдің қор коллекцияларынан тарихи-мәдени мұра үлгілеріне кәсіби түрде визуализация жасалып, «Нұрлы жол» кешенінің құту залдары 40 ақпараттық модульмен безендірілді. Ақпараттық модульдер сериясы 3 тілде ұсынылған және «Ұлы Жібек жолы», «Ұлық Ұлыс», «Қазақ хандығы», «Қазақтардың рухани әлемі», «Қазақ халқы салт-дәстүрлерінің даналығы», «Қазақстан табиғаты», «Қазақ тағамдарының философиясы» тақырыптық бөлімдерінен тұрады.

Құту залдарында отандық суретшілер туындыларының үзінділерімен, музей экспонаттарының суреттерімен танысып, маңызды оқиғалар, тарихи тұлғалар, қазақ халқының материалдық және рухани әлемі туралы ақпаратты білуге болады. Мәдени құндылықтарды дәріптеудің бұл тәжірибесі мәдени ортаны қалыптастырудың, қазақстандықтардың өзіндік ерекшелігі



мен тарихи жадын сақтаудың тиімді тәсілдерінің біріне айналды анық. Мемлекеттік құрылымдардың, ұлттық компаниялардың және бизнес-қоғамдастықтың өзара іс-қимылы өз елінің тарихы мен мәдениетін құрметтей отыра, қоғамның әлеуметтік-жауапты мүшесі ретінде миссиясын лайықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының вокзал шаруашылығын пайдалану және дамыту жөніндегі атқарушы директоры Жұбан Көрпебаев жобаның маңыздына тоқталып, қазақ мәдениеті мен тарихын дамыту, оны халық арасында кеңінен насихаттау ісінде көп адам шоғырланатын орын – вокзалда осындай жобаны жүзеге асырудың сөзсіз оң шешімі екенін алға тартты. Іс-шараға қатысқан көпшілік экспозициялармен танысып, музей қызметкері вокзалдың ер бөлігіне ілінген құнды деректер туралы кеңінен ақпарат берді.

– Бірегей жоба аясында осындай материалдардың біздің вокзал кешеніне қойылуы – біз үшін зор мәртебе. Вокзалға тәулігіне 8,5 мыңдай жолаушы келіп-кетеді, құту за-

лында пойыз күтіп отырған олар осы рухани құндылықтарды тамашалап, өз халқының тарихы, мәдениетімен тереңрек таныса алады, – дейді «Нұрлы жол» вокзалының бастығы Ерлан Битермөв.

Жоба серіктестері Ұлттық музей Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау, зерделеу және ілгерілету бойынша жобаларды табысты іске асырып келеді. Екінші серіктес «TCS Engineering» ЖШС – «Нұрлы жол» ВК ғимаратының коммерциялық жылжымайтын мүлкін басқарушы компания. «MYD Production» ЖШС – «Нұрлы жол» вокзалының жарнама операторы, Орталық Азияның үш елі Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның әуежайлары мен вокзалдарында, ғимараттардың қасбетіндегі ресми жарнама операторы. Тағы бір серіктес «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚҰ мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытында белсенді жұмыс істеуде. Осы ұйымның да мемлекеттік тіліміз бен рухани әдеби мұраларымызды насихаттайтын 10-нан астам мобильді қосымшалары туралы деректер мен QR-кодтарға вокзалдың құту залындағы маңдайшаларға жазылып қойылған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ОҚЫС ОҚИҒАСЫЗ ӨНДІРІС



Шу станциясында өндіріс жағдайында оқыс оқиға, жарақаттану жағдайы тіркелмегені 21 жыл уақыт өткен. Бұл жыл айрығындағы 12 айда атқарылған жұмыстарды қорытындылап, есебін беріп, келер жылды жоспарлайтын кезең еді. Орын алған оқиға станция теміржолшыларына үлкен сабақ болды...

Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Содан бері 7 жарым мыңнан астам күн өтті. Осы уақыт аралығында станция қызметкерлері ондай келеңсіздікке жол бермеу үшін күресіп келеді. Яғни өндіріс қырағылық пен сақтыққа құрылған, әрбір теміржолшы шалыс басқан қадам үшін қандай жауапкершілік пен ауыртыпалық жүктелетінін жақсы біледі.

– Бұл тек қағаздағы жақсы көрсеткіш, ал адам – ең маңызды

фактор. Теміржолшылардың еңбек қауіпсіздігін сақтау – әрдайым бірінші орында тұратын мәселе. Біз теміржолдың жоғары қауіпті аймақ және адамның өмірі ең қымбат екенін ешуақытта естен шығарған емеспіз. Және әрбір қызметкерден ақырын жүріп, анық басып, қауіпсіз еңбек қағидаларын сақтауды талап етеміз. Жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін барлық нұсқамаларды орындап, талаптарды сақтап, жұмыс жүргіземіз. Сонымен қатар өндірісте оқыс оқиға, жазатайым

жағдайлардың алдын алу, еңбек талаптарын сақтау мақсатында теориялық және практикалық оқу курстары өткізіліп тұрады, – дейді Шу станциясының бастығы Саят Құсайнов.

Өндірісте жарақаттануға жол бермей, ұзақ жыл оқыс оқиға, апатсыз жұмыс істеп, жақсы көрсеткіштерге жеткен Шу станциясына 2019 жылы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бас инженерінің №062 еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Сенім сертификатына ие болған.

Ал жақында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіндегі еңбек қауіпсіздігі тақырыбында өткен семинарда жазатайым оқиғасыз жұмыс істеген мекемелер анықталып, осындай өткен тәжірибесі қалыптасқан Шу станциясы филиал директорының Алғыс хатымен марапатталды. Шу – тәулігіне 2210 вагонды қайта өңдеу қабілеті бар кластан тыс станция. Онда штат бойынша бүгінгі таңда 193 теміржолшы еңбек етеді.

Суретті түсірген автор



ЗНАЧИМОЕ В РЕГИОНЕ СОБЫТИЕ



ПРОФСОЮЗ

В административном здании Семейского отделения грузовых перевозок Усть-Каменогорска в торжественной обстановке открыли современный тренажерный зал. В мероприятии принял участие председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Перед открытием тренажерного зала у его дверей собрались профсоюзные активисты, представители руководства и работники железнодорожных предприятий.

– У нас в регионе с учетом всех предприятий железной дороги трудятся около двух тысяч человек. Многие наши железнодорожники хотят заниматься спортом, но это обходится недешево. Мы решили сделать бесплатный тренажерный зал. Эту работу начали почти два года назад. Без трудностей, конечно, не обошлось, но нас поддержало руководство ОО «Казпрофтранс», а также работодатели, которые выделили помещение. Общими усилиями мы этот проект реализовали, – информировала представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Западному региону Айгуль Жайлаубаева.



Оразгали Ахметбаев отметил, что комиссия во главе с председателем правления АО «НК «КТЖ» Нурланом Сауранбаевым во время поездки по регионам обращает большое внимание на производственные вопросы, безопасность, охрану и условия труда. Семейское отделение грузовых перевозок стало четвертым по счету, которое посетила комиссия.

– В составе комиссии я был в

Павлодаре, Семее, и мне выпала большая честь сегодня присутствовать на этом прекрасном мероприятии в Усть-Каменогорске, – высказался глава ОО «Казпрофтранс». – Хочу в первую очередь выразить большую благодарность руководству отделений ГП и НЖС, которые нас поддержали. Большое спасибо профсоюзным активистам, которые тоже подключились. Мы рады, что все пришло к такому

прекрасному завершению.

После праздничного разрезания красной ленты, традиционного шашу ведущие рассказали о «начинке» зала. Здесь теперь есть велотренажеры с дисплеями, на которых отражаются данные о нагрузке, скоростном режиме, сердечном ритме, расходе калорий, беговые дорожки, силовые и эллиптические тренажеры, а также атлетические скамейки, дополненные силовыми рамами.

Также во время открытия наградили победителей объявленного профсоюзом Западнотюбинского региона конкурса на лучшие логотип и название тренажерного зала.

За лучший логотип памятным подарком наградили начальника группы подвижного состава Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Розу Ергасенову. За лучшее название зала – смотрщика вагонов Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Елдара Кизабека.

Фото автора

СОЕДИНЯЯ ТРАНСПОРТНЫЕ МАРШРУТЫ



ИНФРАСТРУКТУРА

